

5. Agency for Statistics "Small and medium enterprises" - [electronic resource] - Access mode. - URL: http://www.stat.kz/DIGITAL/MAL_PRED/Pages/default.aspx

6. The World Bank, the global rating on the availability of starting a new business "Ease of Doing Business in Kazakhstan" - [electronic resource] - Access mode. - URL: <http://www.doingbusiness.org/data/exploreeconomies/kazakhstan/>

7. Arynov EM, RK Zhulamanov Small and Medium Business: Problems and prospects. - Almaty: Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of Kazakhstan, 1994.-15.)

УДК 334.722(574)

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫННЫҢ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТЕГІ ЖАСТАР КӘСІПкерлігін дамыту

Б.Р. Қожамбек

**Ғылыми жетекшісі: ф-м.ғ.д., профессор С. Н. Әмірғалиева
Сүлейман демирел атындағы университет, экономика факультеті**

Özet

Günümüzün küresel ekonomisinde, küçük ve özellikle dünyada gençlik girişimciliğini geliştirilmesi vurgulanmaktadır. Uluslararası deneyim Analizi gençlerin yenilikçi dahil olmak üzere küçük ve orta ölçekli işletmeler için temel itici güç olduğunu gösterir, ve sosyo-ekonomik sorunların önemli bir rol oynar. Ayrı bir tam teşekküllü bir devlet politikası olarak gençlerin girişimciliği geliştirme vurgulamak için emin olun. Devlet desteği küçük ölçekli işletme büyüme ve orta içine tedrici dönüşümü için ekonomik teşvikler içermelidir. Diğer bir deyişle, kamu politikası ayrı bir alanda gençlerin girişimcilik politikası seçmelisiniz.

Annotation

In today's global economy, the development of small, and especially of youth entrepreneurship in the world is emphasized. Analysis of international experience shows that the youth is the main driving force for small and medium businesses, including innovative, and plays a major role in the socio-economic problems. Be sure to highlight the development of youth entrepreneurship as a separate full-fledged state policy. State support should include economic incentives for the growth of small scale business and its gradual transformation into the middle. In other words, you must select a policy of youth entrepreneurship in a separate area of public policy.

Түйін

Аңдатпа Шағын және орта бизнес ел экономикасының күре тамыры және осы шағын және орта бизнестің дамуы елімізге үлкен үлес қосатыны анық. Себебі дамыған мемлекеттерде тәжірибесіне сүйенсек осы бизнестің түрі 70 пайыз үлес алатынын көруге болады. Сондықтан шағын және орта бизнесті дамытуда, инновациялық және әлеуметтік-экономикалық жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыруда жас кәсіпкерлердің мүмкіндігі мол десек, қателеспейміз.

Аннотация

В современных условиях глобальной экономики развитию малого, и, в особенности молодежного предпринимательства в мире придается особое значение. Анализ мирового опыта показывает, что именно молодежь является основной движущей силой малого и среднего бизнеса,

в том числе инновационного, и, играет главную роль в решении социально-экономических проблем. Необходимо выделить развитие молодежного предпринимательства в отдельную полноценную политику государства. Государственная поддержка должна содержать экономические стимулы для роста масштабов малого бизнеса и постепенной его трансформации в средний. Иными словами, необходимо выделить политику молодежного предпринимательства в отдельное направление государственной политики.

Кіліт сөздер: Экономика, жас кәсіпкер, шағын және орта бизнес, стратегия, кәсіпкерлік.

Жаһандық экономиканың заманауи жағдайында шағын бизнестің, оның ішінде жастар кәсіпкерлігін дамытуға әлемде ерекше мән беріледі. Дамушы елдерде аталған сала бойынша жаңа жұмыс орындарын ашу, нарықты отандық сапалы тауарлармен және қызметтермен толықтыруға, әрі бағасын төмендетуге және жалпы халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту тұрғысында маңызды орынға ие.

Сондықтан, еліміз үшін шағын бизнесті жастар потенциалын пайдалана отырып дамыту – ең басты міндеттердің бірі болып табылады.

Қазақстан «Бизнесті жүргізу 2012 (Doing Business)» рейтингінде 47-орынды иеленді. Қазақстанның инновациялық әлеуетінің бәсекеге қабілеттілігі 183 елдің арасында Дүниежүзілік Банктің бағалауы бойынша орта деңгейден төмен. Қазақстан экономикасы үшін үздік технологияларды пайдаланудың жеткіліксіздігі, басқарушылық тәжірибесінің төмен деңгейі, менеджерлердің басым көпшілігінің техникалық дағдысының шектеулілігі, қаржы ресурстарына қолжетімсіздігі және түрлі әкімшілік кедергілермен сипатталады.

Осы жағдайларды ескере отырып, ұлттық экономиканың болашақтағы негізгі міндеттері инновациялық-технологиялық саясатты іске асыру, адами капиталды, шағын және орта бизнесті дамыту болып табылады. Соңғы он жылдағы тәжірибе көрсеткендей тез өзгермелі әлемде стратегиялық басымдықтар адами капиталды, сондай-ақ негізі жастар болып табылатын дамудың инновациялық әлеуетті тиімді жинақтап және өнімді пайдалана алатын мемлекеттерде ғана болатынын сенімді түрде айғақтап берді.

Әлемдік тәжірибе жастар шағын және орта бизнестің, оның ішінде инновациялық бизнестің негізгі қозғаушы күші болып табылатынын және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде басты рөл ойнайтынын көрсетті.

Қазақстан Республикасы халықаралық ынтымақтастық шеңберінде, Кедендік Одақ және Бірінғай экономикалық кеңістікке қатысуынан қазақстандық халық тез өсіп келе жатқан қоныс аударушы халқы бар көрші елдердің жанында еңбек нарығындағы күшті бәсекелестікке соқтығысатын болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» мақаласында атап өткеніндей, «жастар практикасын ұйымдастыру тәртібімен, жас мамандар үшін жұмыспен қамтылуы кепілдіктері және әлеуметтік пакет туралы құқықтық норма қажет», «басқару жүйесі үкіметтік емес ұйымдармен әріптестік қағидаттарының негізінде жұмыс істеуі қажет».

Мемлекет басшысының 2020 жылы экономиканың жалпы құрылымындағы шағын және орта бизнестің (ШОБ) үлесін 40% дейін ұлғайту жөніндегі міндеттемесін орындауда ауқымды әлеуметтік-экономикалық жобалар мен бағдарламаларды іске асыруда жастардың рөлі мен қатысуы ерекше маңызға ие.

Мемлекет экономиканы тұрақтандырудың негізгі бағыты ретінде кәсіпкерлікті дамытуға барынша қолдау көрсетіп отыр.

Қазіргі күні Кеден одағы, Біртұтас экономикалық кеңістік сияқты ұйымдардың құрылуы және Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі кезеңінде елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру ерекше маңызға ие екені анық.

Бұл кәсіпкерлер үшін үлкен бәсекелестік тудырып қана қоймай оларға мол мүмкіндіктерге жол ашады.

Осы мүмкіндіктерді пайдалану және міндетті орындауда жас кәсіпкерлердің алатын өзіндік орны бар деп санаймын.

Қазақстан Республикасының Президенті, "Нұр Отан" ХДП Төрағасы Н.Назарбаевтың 2012 жылдың 16 қарашасында "Жас Отан" Жастар қанатының II съезінде сөйлеген сөзінде индустриалды-инновациялық дамытудың міндеттерін жүзеге асыруға жастарды тарту керектігін, ал кезкелген ірі кәсіпорын, бизнестің жол картасына, индустрияландырудың мемлекеттік бағдарламасына қатысушылар жастарды жұмысқа орналастыру және оқыту бойынша квотасының болуын айтты. Сондай-ақ, Елбасы министрліктер мен әкімдіктердің стратегиялық жоспарларында жастармен жұмыс жасау бойынша индикаторларын енгізу қажеттілігін атап өтті.

Елбасы Н.Назарбаев 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауында ауқымды міндеттерді жүзеге асыруда жастардың орнын ерекше екендігіне және ұлттық экономиканың жетекші күшін кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау керектігін назар аударды.

Өз баяндамасында Елбасы бүгінгі күннің міндеті – ұсақ кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлерді орта деңгейге көшіру үшін жағдай және алғышарттар қалыптастыру екендігін атап өтті.

Сондай-ақ, 2020 жылға дейінгі жастар саясаты тұжырымдамасының жобасында үдемелі индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы, жол картасы, бағдарламалар мен әрекеттер жоспарларын жүзеге асыру шеңберінде жастар саясатына жәрдемдесетін шараларды әзірлеуге көңіл аударылды.

Ұзақ мерзімді міндеттерді шешу ұрпақтар арасындағы конструктивті өзара әрекеттестікке, қоғам алдында тұрған міндеттерді жалпы ұғынудың эволюциясына тығыз байланысты. Болашақта Қазақстан Республикасының ұстанымын қаншалықты тиімді қорғай алатыны, жастардың іскерлік, кәсіпкерлік және инновациялық белсенділіктеріне тәуелді болады.

Қазақстанда инновациялық қызмет дамып келеді және экономикалық өсудің және еңбек өнімділігінің артуының жетекші факторы болуға ұмтылуда. Осыған орай, жастардың инновациялық көзқарасына және жастар кәсіпкерлігіне ерекше назар аударуды талап етеді. Бұл мәселе мемлекеттің, жастар қауымдастығы мен бизнестің өзара байланыстарында маңызды болуы қажет.

Қазақстанға бизнесті дамытуға қабілетті және дайын жоғары білікті менеджерлер керек. Жастар үшін қазақстандық бизнес білім беру – бұл болашағы бар бағыт, қарқынды дамып жатқан сала, онда инновациялы шешімдерді ендіру өзекті мәселе болып табылады. Инновация үшін Қазақстанда ғылыми-әдістемелік те, адами және шығармашылық әлеуеттерге қажетті ресурстар бар.

Жастар кәсіпкерлігін дамытуды жекелей түрде мемлекет саясатында толыққанды атап өту қажет. Бұл жерде жастар үшін жеке ісін жүзеге асыру кезінде өзін көрсетуге мүмкіндіктерді кеңейту ғана емес, ол жастардың, кәсіпкерліктің, білім мен инновацияның дамуының арасындағы орталықтандыру туралы идеологияны құру болып табылады.

Экономикалық белсенді халықтың кәсіпкерлік қызметпен 60-70% дейін айналысу үлесін арттыру жөніндегі міндет ел халқының анағұрлым белсенді және іскер бөлігі ретінде жастардың оған белсенді түрде қатысуынсыз шешілмейді.

Қоғам сәтті және тұрақты жастар кәсіпкерлігін дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға, қолданыстағы мемлекеттік саясатты, бағдарламаларды және заңнамаларды оңтайландыру мен үйлестіруге ықпал етуге ұмтылуы қажет.

Мемлекеттік және жеке меншік құрылымдарының тетіктерін назарға ала отырып, кәсіпкерлердің жаңа буынының сәтті өсуі үшін қоғамда жағдайлар мен ынталандырулар жасау маңызды. Бұл талантты және белсенді жастардың кәсіпкерлік, ұйымдастырушылық қабілеттері мен көшбасшылық қасиеттерінің байқалуы, дамуы және іске асырылуы арқылы жүзеге асуы мүмкін. Жас кәсіпкерлердің мемлекетшілдігі, парасаттылығы, салауаттылығы, жаңашылдығы және іскерлік мәдениетінің деңгейі жоғары болуы қажет.

Елбасы міндеттерін жүзеге асыруда бірінші кезекте жастар кәсіпкерлігінің тиімді жүйесін құру үшін жас кәсіпкер мәртебесін заңнамалық деңгейде бекіту арқылы нормативті-құқықтық базаны қалыптастыру қажет. “Жас кәсіпкер” және жаңа ұғымдарды анықтау керек. Осының негізінде жас кәсіпкерлер қызметін дамытуда барлық қолдаулардың кешенді шаралар жиынтығын анықтап көрсетілгені орынды.

Стратегия еліміздің даму жоспарын көздейтін негізгі Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының, Үдемелі индустриалық-инновациялық даму бағдарламасының және басқада бағдарламалық құжаттардың, Елбасының жолдауындағы «Қазақстан-2050» Стратегиясында атап өткен міндеттемелеріне сәйкес келеді.

Мемлекет жастар кәсіпкерлігін қолдау және дамыту, өзара әрекеттестіктің қосымша нысандары мен тетіктерін жасау бойынша бастаманы өзіне алып, қоғам мен жастарға жастардың іскерлік белсенділігін арттыруда жастардың, бизнес пен даму институттарының бірігуінің өзектілігі туралы нақты белгілерді беру қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1 «Жаһандық экономикада жастардың үдерісін бағалаудың мақсаты және көрсеткіштері». Жалпы Ассамблея. Экономикалық және қоғамдық Кеңес. А/64/61–Е/2009/3

2 Шанхай ынтымақтастық ұйымының Жастар кеңесін құру декларациясы // http://sco2009.ru/docs/documents/youngsco_declaration.html

3 Қазақстанның жас кәсіпкерлері қауымдастығының баяндамалары.

УДК 657

ОЦЕНКА МАРКЕТИНГОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЯ

Б.А. Теут

Научный руководитель: к.э.н. Т. Г. Клиновицкая

Восточно-Казахстанский государственный технический университет им. Д. Серикбаева

В статье рассматриваются задачи и цели маркетингового анализа, категории товаров и стадии жизненного цикла. Особое внимание уделяется ценовой политике и оценке конкурентоспособности продукции.

This article discusses the goals and objectives of the marketing analysis, product categories and stages of the life cycle. Special attention is given to pricing and evaluating the competitiveness of products.

Мақалада тауарлардың өмірлік айналымы мен санаттарына маркетингтік талдау жасаудың мақсаттары мен міндеттері қарастырылған. Баға саясаты мен тауардың бәсекеге қабілеттілігін бағалауға ерекше көңіл бөлінеді.

Ключевые слова: маркетинг, маркетинговая деятельность, маркетинговый анализ, маркетинговый подход, предприятие, производство, продукция, деятельность, объем производства, платежеспособность, товар, ценовая политика, реклама продукции, реализация продукции, конкурентоспособность, стратегическое управление, жизненный цикл.

Основой современного рыночного хозяйства является маркетинговый подход к организации деятельности как на микроуровне - на уровне предприятий и организаций, так и на макроуровне - уровне всей национальной экономики.

Необходимыми условиями достижения самокупаемости и самофинансирования предприятия являются ориентация производства на потребителей и конкурентов, гибкое приспособление к изменяющейся рыночной конъюнктуре.

Каждому предприятию перед тем, как планировать объем производства, необходимо знать, какую продукцию, в каком объеме, где, когда и по каким ценам она будет продаваться. Для этого нужно изучить спрос на продукцию, рынки ее сбыта, их емкость, конкурентов, покупателей, возможность организовать производство по конкурентной цене, доступность необходимых материальных ресурсов. От этого зависят конечные финансовые результаты, воспроизводство капитала, финансовая устойчивость предприятия. Другими словами, деятельность любого предприятия начинается с маркетингового анализа, основными задачами которого являются:

– изучение платежеспособного спроса на продукцию, рынков ее сбыта и обоснование плана производства и реализации продукции соответствующего объема и ассортимента;